



ЖМ «Орал «Мақсат» медициналық колледжі»
қызметкерлері мен оқытушыларына арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

1. Жалпы ережелер

1.1. *Қоғамдық қатынастар саласының атауы:* ЖМ «Орал "Мақсат" медициналық колледжі» оқытушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (одан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы" Заңының 10 - бабына сәйкес әзірленді және ЖМ «Орал "Мақсат" медициналық колледжі» (одан әрі - Колледж) ұжымы мүшелерінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі болып табылады.

1.2. *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:* ЖМ «Орал "Мақсат" медициналық колледжі» оқу-әдістемелік қызметі.

1.3. *Стандарттың функциялары мен принциптері:*

1.3.1. Стандарт колледж ұжымы мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікке қол жеткізуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтауға және олардың теріс салдарларын болдырмауға арналған.

1.3.2. Стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеуболып табылады.

1.3.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласындағы колледж қызметкерлерінің әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.3.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар салынған:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа қатысты саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
- 3) колледждің білім беру, шаруашылық және қаржылық қызметін реттейтін ішкі нормативтік актілер мен құжаттардың жобаларын дайындау және бекіту;

4) колледждің тіршілік әрекетінің тиісті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар;

2. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлқының (іс-қимылының) қағидалары

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалған саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық және ішкі актілерді, директордың бұйрықтарын басшылыққа алады;

2) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығын, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеу;

3) азаматтардың құқықтарын іске асырудың және заңды мүдделерін қамтамасыз етудің ең аз мерзімі;

4) мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

5) көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітусіз тең қол жеткізуі;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету.

Жол бермеу:

1) азаматтың өтінішін қарау мәселені объективті шешуге мүдделі емес деп пайымдауға негіз бар адамға жүктеледі;

2) шағым берген адамға немесе оның мүддесі үшін берілген шағымды зиян келтіруге айналдыруға;

3) іс-әрекеттеріне шағым жасалған лауазымды тұлғаларға өтініштер жолдауға;

4) азаматтардың келісімінсіз олардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы туралы мәліметтерді жария ету мүмкіндіктеріне;

5) өтінішке қатысы жоқ азаматтың жеке басы туралы деректерді анықтауға.

2.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) барлық құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды адамдардың құзыретін нақты ажырату және келісілген жұмыс істеуі;

2) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқауларды шығаруға жол бермеу;

3) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу;

- 4) меритократия қағидаттарын сақтау;
- 5) қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапкершілік;
- 6) тікелей немесе тікелей басшыға қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүдделер қақтығысының туындауы, жеке мүдделілігі туралы, сыбайлас жемқорлық іс әрекеттерге көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- 8) басшылыққа өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай - ақ материалдарды жедел қарау үшін қандай да бір пайда алуға көндіру немесе сөзбұйдаға салу туралы дереу баяндау;
- 9) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәні туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау;
- 10) егер тікелей басшы мүдделер қақтығысына өзі тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

2.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- 1) нормативтік құқықтық актіні қабылдау осы актіні қабылдау жөніндегі құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана;
- 2) азаматтардың құқықтарын іске асыру жөніндегі шешімнің жобасы келісілетін инстанциялардың ең аз санын;
- 3) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды қолданбауды **қамтамасыз етеді.**

2.4. Мемлекеттік қызметтер және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету кезінде:

- 1) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және дұрыс ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету барысында көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, сол сияқты кез келген сөзбұйдаға салушылықты (төрешілдікке) және өзге де рұқсат беру функцияларын болдырмау;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеу кезінде басшылыққа баяндау;
- 5) мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіруді, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету;

2.5. Колледж қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде ұсынылады:

- 1) тағайындау үшін материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;
- 2) колледжге қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымдық тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйым салуларды және шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) қызметке/жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

5) колледж қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізу;

2.6. Күнделікті қызметте:

1) оқу орнына және колледж ұжымының мүшелеріне қоғамның сенімін нығайтады;

2) педагогикалық мекеме қызметкерлеріне сәйкес келетін іскерлік этикет пен ресми, сондай-ақ моральдық мінез-құлық ережелерін сақтау;

3) лауазымдық өкілеттіктерді және оларға негізделген беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді;

4) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы басшылықтың және (немесе) құқық қорғау органдарының назарына дереу жеткізеді;

5) қажет болған жағдайда тікелей басшының назарына мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі туралы, сыбайлас жемқорлық іс әрекетке көндіру туралы жеткізеді;

6) өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен әріптестеріне және басшыларға жүгінуден тартынады;

7) өз міндеттерін немесе оларға теңестірілген міндеттерді атқаруына байланысты әріптестерінен және қызметі бойынша өздеріне тәуелді өзге де адамдардан жалпы оқталғаны немесе қызметі бойынша жол бергені үшін сыйлықтар қабылдамайды және сыйлықтар бермейді немесе қызмет көрсетпейді;

8) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбайды;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытады;

10) жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдайды;

11) тұрақты негізде мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен олардың салдарларының туындау себептері мен жағдайларын жою бойынша шаралар қабылдайды;

12) қызметтік тәртіп пен қызметтік этиканы сақтайды;

13) басшылыққа қатысты жеке адалдық, лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтарды алуға ұмтылу көріністеріне жол бермейді;

14) өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауаптылықта болады;

2.7. Тіршілік ету саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

1) бағынышты лауазымды адамдардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;

2) бағынышты лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

5) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шеңберінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

7) қол астындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестер арасында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде толық шараларды уақытылы қабылдау;

9) мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету, колледж меншігін тиімді пайдалану;

2.8. Басшы:

1) өзінің мінез-құлқымен әділдік, адалдық, жеке адамның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болып табылады;

2) жеке-дара басқару қызметі арқылы басшылықты жүзеге асырады және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапты болады;

3) өзіне бағыныштылардан олардың лауазымдық өкілеттіктерінің шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды талап етпейді;

4) бағынышты қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде толық шараларды уақтылы қабылдайды;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде толық шаралар қабылдайды;

6) өзіне бағынышты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйіне және олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына жол бермеуге дербес жауапты болады;

2.9. Басқа да шектеулер мен тыйымдар. Колледж қызметкерлері міндетті:

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

2) адал, әділ, қарапайым болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік көрсету;

3) олар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

4) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау;

5) өзінің іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өз қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

7) колледж қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі сыртқы келбеті оқу орнының беделін нығайтуға, жалпы қабылданған іскерлік стиліне, орындалатын жұмыстың ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс, ол ресмилік, ұстамдылық және ұқыптылықпен ерекшеленеді;

8) мемлекеттік органда еңбек заңнамасының, колледж оқытушысының Ар-намыс кодексінің және бірыңғай талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ колледж қызметкерлерінің кәсіби қызметі таралатын колледжде және одан тыс жерлерде жұмыс істеуге байланысты шектеулердің орындалуын қамтамасыз ету.